



«Мемлекеттік аннуитеттік компания» ӨСК» АҚ

**«Мемлекеттік аннуитеттік компания»
өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ
Директорлар кеңесінің 2025 жылғы
«02» маусымдағы № 9 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН**

**ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАРДАН ҚАРЫЗ АЛУШЫЛАРДЫ МЕРЗІМДІК
САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ ӨЗГЕРІС**

Астана қ., 2025 ж.

	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні: 2025 жылғы «02» маусым	
	Жазатайым оқиғалардан қарыз алушыларды мерзімдік сақтандыру ережелеріне өзгерістер		2/3 б.

Өмірді мерзімдік сақтандыру ережелеріне өзгеріс.

1. «Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің 2009 жылғы 30 наурыздағы №71 шешімімен бекітілген Қарыз алушыларды жазатайым оқиғалардан мерзімдік сақтандыру ережелеріне (бұдан әрі – «МАК» ӨСК» АҚ) (бұдан әрі – Ережелер) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1) Ережелердің 32-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«32. Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе оны жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім барлық қажетті құжаттар алынған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады. Сақтандыру төлемі оң шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) банк күні ішінде Сақтандырушының орналасқан жері бойынша Пайда алушының банктік шотына аудару арқылы жүзеге асырылады»

Егер сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешімді белгіленген мерзімдерде қабылдау мүмкін болмаған жағдайда, қосымша ақпарат немесе ұсынылған құжаттарға қатысты мәліметтер қажет болса, ұйым Сақтанушыны (Сақтандырылушыны, Пайда алушыны) сақтандыру төлемін жүзеге асыру мерзімдерін ұзарту қажеттілігінің себептерін түсіндіре отырып хабардар етеді.

Бұл ретте Басқарма жеке тұлғаларды ерікті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемін сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін құжаттарды қараудың шекті мерзімі аяқталған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.».

2) Осы өзгеріс «МАК» ӨСК» АҚ Директорлар кеңесі бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

